
**«Altyn Bank» Акционерлік қоғамында
(China Citic Bank Corporation Limited Еншілес банкі)
Инсайдерлік ақпаратты басқару және оны пайдалануды ішкі бақылау Қағидалары
директорлар кеңесі №30 11.11.2022**

1 Тарау. Жалпы ережелер

1. «AltynBank» Акционерлік қоғамында (ChinaCiticBankCorporationLimited Еншілес банкі) инсайдерлік ақпаратты басқару және оны пайдалануды ішкі бақылау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Эмитенттің қызметіне қатысты және ол болып табылмайтын ақпаратты ашу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен, «AltynBank» Акционерлік Қоғамының (Chinaciticbankcorporationlimited Еншілес банкі) (бұдан әрі – Банк) ішкі нормативтік құжаттарымен әзірленді және егер бұл ақпарат Банктің мүліктік және қаржылық жағдайы үшін зардаптарға байланысты банк шығарған (ұсынған) бағалы қағаздардың құнына ықпал етуге қабілетті болса, Банктің қызметіне қатысты және жалпыға қолжетімді болып табылмайтын ақпаратты ашу тәртібі мен шарттарын белгілейді (туынды қаржы құралдарының).
2. Осы Қағидалармен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес реттеледі.
3. Банк инсайдерлерінің ақпаратына және осы Қағидаларға қатысты Банк инсайдерлері Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауын қамтамасыз ету мақсатында осы Қағидалар Мемлекеттік және орыс тілдерінде ҚЕД интернет-ресурсында және Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының интернет-ресурсында (осы қор биржасының тізімінде Банктің бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) енгізілген және табылған жағдайда) орналастырылады, сондай-ақ, Қағидалардың көшірмелерін ұсынғаны үшін оларды дайындауға арналған шығыстар мөлшерінен аспайтын мөлшерде ақы төлеуді қоспағанда, Банк мүдделі тұлғалардың сұрау салуы бойынша ақы алынбай ұсынады.
4. Осы Қағидаларды Банктің барлық қызметкерлері орындауға тиіс.

2 Тарау. Негізгі ұғымдар мен терминдер

5. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен терминдер:
 - 1) *Банк* – «AltynBank» Акционерлік қоғамы (ChinaCiticBankCorporationLtd. Еншілес банкі);
 - 2) *ҚЕД* - Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийі;
 - 3) *банктің инсайдерлік ақпараты* – Банктің бағалы қағаздары немесе туынды қаржы құралдары, олармен жасалатын мәмілелер туралы, сондай-ақ олардың эмитенті ретінде Банк туралы расталған ақпарат, коммерциялық құпияны құрайтын ол жүзеге асыратын қызмет туралы ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға белгісіз, ашылуы Банк қызметіне, сонымен қатар, Банктің бағалы қағаздары және/немесе туынды қаржы құралдары құнының өзгеруіне әсер етуі мүмкін өзге де ақпарат;
 - 4) *Банк Инсайдер деп таныған тұлғаға қатысты инсайдерлік ақпарат* – Банк өзіне қатысты Инсайдер деп таныған басқа тұлғаның бағалы қағаздары немесе туынды қаржы құралдары, олармен жасалатын мәмілелер туралы расталған ақпарат, сондай-ақ, үшінші тұлғаларға белгісіз, ашылуы Бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) құнының өзгеруіне және Банк өзіне қатысты Инсайдер деп таныған тұлғалардың қызметіне әсер етуі мүмкін өзге де ақпарат;
 - 5) *инсайдер* – инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлға;

осы Қағидаларға сәйкес айқындалатын Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар тұлға Банктің инсайдері болып танылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банк басқа тұлғаға қатысты Инсайдер деп таныған жағдайда, Банк қызметкерлері өзінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты Банк Инсайдер деп таныған тұлғаның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар осындай тұлғаның инсайдерлері болып танылады;

жауапты бөлімшелер – Кредиттік талдау басқармасы, Қаржы институттары басқармасы, Корпоративтік клиенттермен жұмыс департаменті, Банк филиалдарының директорлары, Бөлшек бизнес блогының бизнес тәуекелдер басқармасы,

Операциялық департамент, Операциялық қаржы блогының іскерлік тәуекелдер басқармасы, Контролинг және бюджеттеу департаменті, Бухгалтерлік есеп басқармасы, Комплаенс департаменті, Корпоративтік несиелік тәуекелдер басқармасы, Бөлшек несиелік тәуекелдер басқармасы, Қаржы және операциялық тәуекелдер департаменті, Кепілмен қамтамасыз ету жөніндегі басқарма, Проблемалық несиелермен жұмыс жөніндегі департамент, Ішкі аудит департаменті, Корпоративтік хатшы, Заң департаменті, Қазынашылық департаменті, Ақпараттық технологиялар департаменті, Ақпараттық қауіпсіздік департаменті, Privatebanking департаменті, сондай-ақ, Бас комплаенс-бақылаушымен келісім бойынша Банктің өзге де бөлімшелері;

- 6) *инсайдерлер тізімі* – Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын тұлғалардың тізімі, сондай-ақ, осы Қағидалардың 5-тарауына сәйкес Банк өзіне қатысты Инсайдер деп таныған тұлғаның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын тұлғалардың (банк қызметкерлерінің) тізімі. Инсайдерлер тізімін жүргізу және жаңарту тәртібі осы Қағидалармен айқындалады;
- 7) *қызметкерлер* – Банктің басшы қызметкерлерін қоса алғанда, Банк қызметкерлері;
- 8) *Банктің басшы қызметкерлері* – Банктің оқшауланған бөлімшелерінің бірінші басшылары мен олардың бас бухгалтерлерін қоспағанда, Банктің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіруді және (немесе) бақылауды жүзеге асыратын және олардың негізінде Банк операциялары жүргізілетін құжаттарға қол қою құқығы бар Банктің бірінші басшысы мен Директорлар кеңесінің мүшелері, бірінші басшысы мен басқарма мүшелері, өзге де басшылары, Банктің бас есепшісі. Бұл ретте, банк операциялары жүргізілетін құжаттарға қол қою құқығы бар және тек бір құрылымдық бөлімшенің қызметіне бақылауды жүзеге асыратын тұлғалар Банктің басшы қызметкерлері болып табылмайды.

3 Тарау. Мақсаттары мен міндеттері

-
6. Осы Қағидалардың мақсаты Банктің инсайдерлік ақпаратты пайдалану мәселелерін регламенттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ, іскерлік бедел деңгейін арттыру, корпоративтік басқарудың жоғары дәрежесін қолдау, Банктің тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.
 7. Осы Қағидалар Банктің инсайдерлік ақпаратының тізбесін айқындайды, Банкке және Банк инсайдер деп таныған басқа да тұлғаларға қатысты инсайдерлік ақпаратты басқару және пайдаланылуын бақылау тәртібін, оны ашу, инсайдерлер тізімін жүргізу тәртібі мен шарттарын белгілейді, инсайдерлер үшін белгіленген шектеулерді, сондай-ақ, инсайдерлік ақпаратты жария еткені үшін жауапкершілікті айқындайды.

4 Тарау. Инсайдерлікке қатысты ақпарат тізімі

8. Банктің инсайдерлік ақпаратына мынадай ақпарат жатады:

- 1) Банктің қаржылық есептілігі;
- 2) қаржылық есептіліктен басқа, меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициентін есептеу туралы мәліметтерді, пруденциалдық нормативтердің сақталуы туралы мәліметтерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, Банктің қаржылық жағдайына қатысты өзге де мәліметтер;
- 3) бағалы қағаздарды ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын Банк қызметіндегі өзгерістер туралы ақпарат:
 - a) Банк органдарының құрамының өзгеруі;
 - b) Банктің дауыс беретін акцияларының он және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер құрамының өзгеруі;
 - c) Банкті қайта ұйымдастыру немесе тарату;
 - d) Банктің мүлкіне тыйым салу;
 - e) Банк активтерінің он және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Банк мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру;
 - f) Банктің лицензиясын алу, тоқтата тұру немесе одан айыру;
 - g) Банк акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдері;
 - h) тізбе бойынша Директорлар Кеңесі қабылдаған шешімдер, Банктің ішкі құжаттарына сәйкес акционерлер мен инвесторлардың назарына жеткізілуі тиіс ақпарат;
 - i) Банктің әрбір осындай ұйымның акцияларының (үлестерінің, пайларының) он және одан да көп пайызы бар ұйымдар тізіміндегі өзгерістер;
 - j) эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісіне өзгерістер;
 - k) Банктің мемлекеттік емес облигациялар шығару проспектісінде көзделген талаптарды сақтамауы, Банк жол берген дефолт фактілері туралы ақпарат (Банк облигациялар шығарған кезде);
- 4) Банктің корпоративтік оқиғалары туралы инсайдерлік ақпарат:
 - a) акционерлердің Жалпы жиналысы қабылдаған шешімдері;
 - b) тізбе бойынша Директорлар Кеңесі қабылдаған шешімдер, Банктің ішкі құжаттарына сәйкес акционерлер мен инвесторлардың назарына жеткізілуі тиіс ақпараты;
 - c) Банктің акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Банктің бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерді, Банктің бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерді бекітуі, уәкілетті органның Банктің бағалы қағаздарын жоюы;
 - d) Банктің мынадай талаптарға бір мезгілде жауап беретін ірі мәмілелер мен мәмілелер жасауы: Банк жасауға мүдделілігі бар мәмілелер болып табылады және осындай мәмілелер жасасу туралы Банктің уәкілетті органы шешім қабылдаған күні Банк активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын құны мүлкті сатып алумен немесе иеліктен шығарумен байланысты;
 - e) нәтижесінде Банк активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, сатып алынған немесе иеліктен шығарылатын активтер, мәміленің мерзімдері мен

шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ, мәміле туралы өзге де мәліметтер болған кезде қамтуға тиіс;

f) Банк активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Банк мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру;

g) Банктің меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде Банктің қарыз алуы;

h) Банктің қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға рұқсат алуы, Банктің қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға бұрын алған рұқсаттарының қолданылуын тоқтата тұруы немесе тоқтатуы;

i) банктің заңды тұлға құруға қатысуы;

j) Банктің мүлкіне тыйым салу;

k) Банк активтерінің жалпы мөлшерінің баланстық құны он және одан да көп пайызын құрайтын Банктің мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың басталуы;

l) банкті және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;

m) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау;

n) банкті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;

o) Банктің Жарғысына, сондай-ақ, Банктің бағалы қағаздар шығару проспектісіне сәйкес Банк акционерлері мен инвесторларының мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар.

9. Банк инсайдерлік ақпаратқа жатқызған, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инсайдерлік ақпарат ретінде айқындалатын өзге де ақпарат.

10. Инсайдерлік ақпарат пайда болған сәттен бастап және ол Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе осы Қағидаларға сәйкес тұлғалардың шектеусіз тобына ашылған сәтке дейін инсайдерлік ақпарат болып табылады.

11. Банктің инсайдерлік ақпаратына жатпайды:

1) Инвестициялық Шешімдер қабылдау және (немесе) бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) операцияларды жүзеге асыру туралы ұсынымдар немесе ұсыныстар дайындау мақсатында жүргізілген, бағалы қағаздың (туынды қаржы құралының), Банктің мүлкілік жағдайының құнына қатысты зерттеулерді, болжамдарды және бағалауды қоса алғанда, жалпыға қолжетімді мәліметтер негізінде дайындалған ақпарат;

2) бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпарат;

3) шығу көзі белгісіз, тұлғалардың кең ауқымы арасында таратылатын расталмаған ақпарат, сондай-ақ, банктің эмитент ретіндегі ағымдағы немесе жоспарланатын қызметіне қатысты болжамдар.

5 Тарау. Банк Инсайдерлері

12. Инсайдерлер деп келесі тұлғалар танылады:

1) өзінің қызметтік жағдайына және өзінің функционалдық міндеттері мен өкілеттіктерін жүзеге асыруға байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері оларға:

а) Директорлар кеңесінің мүшелері, Басқарма мүшелері, Банктің бас есепшілері, Бас тәуекел менеджер, Бас комплаенс-бақылаушы, Корпоративтік хатшы, Жауапты бөлімшелердің қызметін үйлестіруді және (немесе) бақылауды жүзеге асыратын басшылар, Кадрлар жөніндегі комитет мүшелерін қоспағанда, басқарма және Директорлар кеңесі мүшелерінің ассистенттері (хатшылары), Банк комитеттерінің мүшелері және сыйақыларға;

b) жауапты бөлімшелердің қызметкерлері;

Банк инсайдерлерінің осы санатына жатқызылған тұлғалар олар Банкпен жасасқан еңбек шартының қолданылу мерзімі ішінде осындай болып табылады.

2) тиісті жобаға қатысуына байланысты осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілмеген, инсайдерлік ақпаратқа уақытша қол жеткізе алатын банк қызметкерлері. Банк инсайдерлерінің осы санатына жатқызылған тұлғалар олар қол жеткізген инсайдерлік ақпарат ашылғанға дейін осындай болып табылады;

3) Банктің дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он немесе одан да көп пайызын тікелей немесе жанама иеленуіне, пайдалануына және (немесе) басқаруына байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлғалар;

4) инсайдерлік ақпаратты ашу көзделген, жасалған шартқа (оның ішінде ауызша) сәйкес Банкке қызмет көрсететін аудиторлық ұйым, бағалаушы, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және басқа да тұлғалар;

5) Банк шығарған (ұсынған) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) тізіміне енгізілген сауда-саттықты ұйымдастырушы;

6) сауда жүйесінде айла-шарғы жасау мақсатында жасалған бағалы қағаздармен мәмілелерді тану мәселелерін қарау мақсатында құрылған Банктің бағалы қағаздарымен мәмілелер жасалатын қор биржасы директорлар кеңесінің, қор биржасының листингтік комиссиясының және қор биржасының сараптама комитетінің мүшелері;

7) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметкерлері, оларға берілген функциялар мен өкілеттіктерге байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын мемлекеттік қызметшілер;

8) Осы тармақтың 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген, өздеріне берілген өкілеттіктеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар Банктер мен ұйымдар мүшелері болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен өзін-өзі реттейтін ұйымдар;

9) Осы тармақтың 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көрсетілген, өзінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын ұйымдардың қызметкерлері;

10) Осы тармақтың 1) – 9) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардан инсайдерлік ақпарат алған тұлғалар.

6 Тарау. Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар тұлғалардың тізімін жүргізу және өзекті күйде ұстау тәртібі

13. Банктің инсайдерлік ақпаратына және ол шығарған (ұсынған) бағалы қағаздарды (туынды қаржы құралдарына) басқаруын және пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз ету мақсатында Банк осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес өзекті жағдайда ұсталуы тиіс инсайдерлер тізімін жүргізеді.

14. Комплаенс департаменті Банк инсайдерлерін оларды инсайдерлер тізіміне енгізу (инсайдерлер тізімінен шығару) туралы, «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптары туралы және осы Қағидалардың инсайдерлік ақпаратты басқару және пайдалану бөлігіндегі осы Қағидалардың 2, 3-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша инсайдерлерге тұлғаны тізімге қосу үшін негіз пайда болған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей (тізімнен шығару) тікелей инсайдерге e-mail бойынша хабарлама жіберу арқылы хабардар етеді (бұдан әрі - хабарлама).

15. Осы Қағидалардың 12 тармағының 3) - 5), 8), 9) тармақшаларда көрсетілген Банк инсайдерлері банкке өзінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өз қызметкерлерінің тізімін банктен сұрау салуды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні немесе өзектендірілген жағдайда оған өзгерістер енгізілген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кешіктірмей беруге міндетті.

16. Инсайдер Комплаенс департаментіне 5 (бес) жұмыс күні ішінде қол қойылған нысанды ұсынуы керек.

17. Инсайдерлер тізімін жүргізуге, оны өзекті күйде ұстауға, Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізген тұлғаларды оларды инсайдерлер тізіміне енгізу (тізімнен шығару) туралы хабардар етуге, инсайдерлерге инсайдерлік ақпаратты және осы Қағидаларды басқару және пайдалану бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары туралы хабардар етуге жауапты бөлімше Комплаенс департаменті болып табылады.

18. Егер Банк инсайдерлерінің тізіміне тұрақты негізде енгізілген банк қызметкерлері уақытша негізде инсайдерлік ақпараттың өзге санатына қол жеткізген жағдайда (мысалы, олардың қандай да бір жобаға қатысуына байланысты) мұндай қызметкерлерді инсайдерлер тізіміне қосу / шығару туралы хабарламаны қайта жіберу талап етілмейді.

19. Комплаенс департаментінің жауапты қызметкерлері инсайдерлер тізіміне қол жеткізе алады.

20. Осы Қағидалардың 12 және 40-тармақтарын орындау үшін көрсетілген тұлғалармен жасалған шартта белгіленетін құқықтық қатынастар шеңберінде банктің инсайдерлік ақпаратын ашу көзделетін тұлғалармен азаматтық-құқықтық қатынастар орнату (мәмілелер, шарттар жасасу) кезінде аталған тұлғалардың өз инсайдерлер тізімін жүргізу туралы міндеттемелері (қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын қызметкерлер), өзінің инсайдерлер тізіміне енгізілген қызметкерлерді тізімге қосу/шығару туралы, инсайдерлік ақпаратты жария еткені және/немесе заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік туралы, сондай-ақ, инсайдерлер тізімінің көшірмесін Банкке осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде беру міндеттемесі туралы хабарлауы қарастырылуы мүмкін.

21. Осы Қағидалардың 12-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларды Банк инсайдерлерінің тізіміне енгізу (тізімнен шығару) және банк инсайдерлеріне қатысты белгіленген рәсімдерді сақтау мақсатында инсайдерлік ақпаратқа уақытша қол жеткізетін қызметкерлер тиісті бөлімшенің басшысы, сондай-ақ, осы Қағидалардың 12-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген тұлғалармен азаматтық-құқықтық қатынастарды белгілеуге жауапты бөлімше басшылары, көрсетілген тұлғаларға инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділік берілгенге/инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқығы тоқтатылғанға дейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комплаенс департаментіне оларды инсайдерлер тізіміне енгізу қажеттілігі/Банктің инсайдерлер тізімінен шығару туралы тиісті негіздемесі бар қызметтік жазбаны жіберуге міндетті.

22. Мұндай қызметкерлерді инсайдерлер тізіміне қосу/шығару қажеттілігі туралы соңғы шешімді Бас комплаенс-бақылаушы қабылдайды.

23. Инсайдерлер тізімін уақтылы өзектендіру мақсатында персоналмен жұмыс департаменті Комплаенс департаментіне Банк қызметкерлерін қабылдау және ауыстыру туралы хабарлайды. Қызметкер жұмыстан босатылған кезде, кету қағазына қол қойған кезде жұмыстан шыққан қызметкер комплаенс департаментінің тексерісінен өтуге міндетті. Егер жұмыстан босатылған қызметкер инсайдер болған жағдайда, қызметкер осы Қағидаларға № 3 қосымшаның нысаны бойынша инсайдерлер тізімінен шығару туралы хабарламаға қол қояды.

7 Тарау. Банк өздеріне қатысты инсайдер деп танылатын тұлғалармен Банктің өзара іс-қимыл жасау тәртібі

24. Банк өзімен белгіленген азаматтық-құқықтық қатынастар, жасалған шарт шеңберінде Банктің инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуі бар тұлғаға қатысты инсайдер деп танылады, оның талаптарында осы тұлғаның инсайдерлік ақпаратын Банкке ашу көзделген.

25. Өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты Банк инсайдер деп таныған тұлғалардың инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын Банк қызметкерлері де аталған тұлғалардың инсайдерлері болып табылады.

26. Банк өздеріне қатысты инсайдер деп таныған тұлғаларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банк пен оның қызметкерлері қол жеткізе алатын инсайдерлік ақпаратты басқаруды және оны пайдалануды бақылауды дербес қамтамасыз етуге міндетті.

27. Осы Қағидалардың 24-тармағында көзделген негіздер бойынша Банкті инсайдер деп таныған жағдайда, оны инсайдер деп тану және инсайдерлер тізіміне енгізу туралы хабарламаны Банкке жібергені үшін осы Қағидалардың 24-тармағында көрсетілген тұлғалар жауапты болады. Банк оған қатысты Банк инсайдер деп таныған тұлғаның инсайдерлер тізіміне енгізілгені туралы хабарлама алмаған жағдайда, Банк инсайдерлік деп танылуы мүмкін ақпаратты жария еткені үшін жауап бермейді.

28. Осы Қағидалардың 24-25-тармақтарында көзделген негіздер бойынша инсайдер болып табылатын Банкке және оның қызметкерлеріне Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Қағидаларға қатысты Банк инсайдер деп таныған тұлғалардың инсайдерлік ақпаратты басқару және пайдалану тәртібі туралы талаптар қолданылады.

29. Комплаенс департаменті Банкті инсайдер деп тану және оны инсайдерлер тізіміне енгізу туралы хабарламаны алған кезде Банктің инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар тұлғалар:

1) қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты аталған тұлғалардың инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын Банк қызметкерлерінің тізімін жүргізеді;

2) Банк қызметкерлерін Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Қағидалардың өздеріне қатысты Банк инсайдер деп таныған тұлғалардың инсайдерлік ақпаратын пайдалануға тыйым салу бөлігінде талаптары туралы хабардар етеді;

3) Банк өздеріне қатысты инсайдер деп таныған тұлғаларды өзінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты аталған тұлғалардың инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын Банк қызметкерлері туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпшен және мерзімдерде хабардар етеді.

30. Осы Қағидалардың 29-тармағының 2)-3) тармақшаларының мақсаттары үшін Банк өздеріне қатысты Банк инсайдер деп таныған тұлғалардан инсайдерлік ақпаратты басқару және оны пайдалануды ішкі бақылау қағидаларын сұратуға құқылы.

31. Осы Қағидалардың 24-тармағында көрсетілген тұлғалардың инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын Банк қызметкерлерінің тізімін комплаенс департаменті жүргізеді.

32. Осы Қағидалардың 24-тармағында көрсетілген тұлғалардың инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын Банк қызметкерлерін хабардар ету тиісті қызметтік жазбаны жіберу жолымен жүзеге асырылады.

33. Банктің бөлімшелері Банкке инсайдерлік ақпаратты ашуды көздейтін шарттар жасасу кезінде Комплаенс департаментін тиісті шарттар жасасқаны туралы хабардар етуге және Банк инсайдер деп танылған тұлғаға қатысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын өз қызметкерлерінің тізімін шарт жасалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жіберуге міндетті.

34. Бөлімшелер қызметкерлердің тізімін өзекті күйде ұстауға және Комплаенс департаментіне сұрау салу немесе шарт жасасу сәтінен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей өзекті ақпарат беруге міндетті.

35. Комплаенс департаменті жауапты бөлімшелерден тиісті шарттарды, шарттар шеңберінде инсайдерлер болып табылатын қызметкерлердің тізімдерін, сондай-ақ, осы Қағидалардың 29-тармағының мақсаттары үшін өзге де ақпаратты сұратуға құқылы. Сұрау салынатын ақпаратты Комплаенс департаментінің жауапты бөлімшелері сұрау салуды алған күннен бастап 5(бес) күннен кешіктірмей береді.

36. Банк қызметкерлерін өздеріне қатысты Банк инсайдер деп таныған тұлғаларды инсайдерлер тізімінен шығару Банк Банкті инсайдерлер тізімінен шығару туралы хабарлама алған жағдайда не Банк инсайдер деп таныған тұлғамен шарттық қатынастар тоқтатылған жағдайда жүзеге асырылады, бұл туралы жауапты бөлімшелер Комплаенс департаментіне хабарлауға міндетті.

8 Тарау. Инсайдерлік ақпаратқа иелік ету мен пайдалануды бақылау

37. Өз қызметін жүзеге асыру және Банк клиенттеріне қызмет көрсету процесінде Банк қызметкерлері Банктің инсайдерлік ақпаратын және/немесе инсайдерлік ақпаратын құрайтын мәліметтерді пайдаланудың және/немесе ашудың алдын алуға мүмкіндік беретін шарттарды бақылауды және сақтауды қамтамасыз етуге тиіс..

38. Инсайдерлер құқылы емес:

1) Бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасау кезінде инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етуге;

3) үшінші тұлғаларға инсайдерлік ақпаратқа негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдар беруге.

39. Осы Қағидалардың сақталуын бақылау келесі негізде жүзеге асырылады:

1) қызметкерлерді осы Қағидалармен оларды Банктің ішкі сайтында орналастыру, барлық қызметкерлер үшін қолжетімді желілік ресурста орналастыру арқылы таныстыру, сондай-ақ, қызметкерлерді электрондық құжат айналымы бойынша хабарлама жіберу арқылы;

2) Комплаенс департаментінің инсайдерлер тізімін өзекті күйде ұстау арқылы.

3) инсайдерлерге қатысты олар осы Қағидалар мен заңнамада тыйым салынған әрекеттерді жасаған жағдайда: осы Қағидаларды сақтау туралы талапты, осы Қағидалар талаптарының сақталуын бақылауды күшейту жөніндегі іс-шараларды жүргізуді, тәртіптік жаза шараларын, өзге де шараларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей шаралар қабылдаған кезде.

4) осы Қағидалардың 4-тарауында көрсетілген Банктің инсайдерлік ақпаратына заңсыз қол жеткізу және пайдалану мүмкіндігіне жол бермеуді бақылау.

40. Осы Қағидалардың 12 – тармағының 3) - 5), 8) тармақшаларында көрсетілген инсайдерлер:

1) өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өз қызметкерлерінің тізімін жүргізуге;

2) өз қызметкерлерін инсайдерлік ақпаратты пайдалануға тыйым салу бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Қағидалардың талаптары туралы хабардар етуге;

3) өзінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өз қызметкерлері туралы Банкті осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде хабардар етуге міндетті.

41. Инсайдерлер өздерінің қызметтік міндеттерін орындау үшін бұл ақпарат талап етілмейтін үшінші тұлғалар мен олардың жұмысшылары тарапынан инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді шектеу үшін қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

42. Банк инсайдерлерінің тізімі қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға оның жазбаша талабы бойынша инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар тұлғалар туралы ақпаратты ашып көрсете отырып, талапта көрсетілген мерзімдерде ұсынылады.

43. Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға берілетін Банк инсайдерлерінің тізімінде Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар тұлғалар туралы мынадай ақпарат болуға тиіс:

- 1) жеке тұлғаның тегі, аты, бар болса – әкесінің аты, туған күні;
- 2) заңды тұлғаның атауы, оның орналасқан жері, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін (қайта тіркелгенін) растайтын құжаттың деректемелері;
- 3) тұлғаны инсайдерлер тізіміне енгізудің негізі, оған сәйкес тұлға инсайдер ретінде анықталады;
- 4) инсайдерлер тізіміне енгізу үшін негіздің пайда болу күні;
- 5) инсайдерлер тізімінен шығару күні.

9 Тарау. Банк қызметкерлерінің инсайдерлік ақпаратты басқаруын және пайдалануын бақылау ерекшеліктері

44. Банктің жауапты бөлімшелерінің басшылары, инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар Банк қызметкерлері өздерінің қызметтік міндеттерін орындау үшін осы ақпарат талап етілмейтін Банктің өзге қызметкерлері, сондай-ақ, үшінші тұлғалар тарапынан мұндай ақпаратқа қол жеткізуді шектеу үшін қажетті шаралар қабылдауды қамтамасыз етуге міндетті.
45. Банктің жауапты бөлімшелерінің басшылары өз бөлімшесінің инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын және инсайдерлер тізіміне енгізуге жататын қызметкерлерінің тізімін қол жеткізу сипатымен тұрақты немесе уақытша айқындайды.
Қызметкерді осы тармақта көрсетілген тізімге енгізу критерийі қызметкердің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу қажеттілігі болып табылады.
46. Банктің инсайдерлері болып табылатын жауапты бөлімшелердің басшылары мен қызметкерлері Комплаенс департаментіне ұсынылатын ақпараттың толықтығы мен дұрыстығына, сондай-ақ, оны беру мерзімдерінің сақталуына және өзекті күйде сақталуына (оның ішінде инсайдерлер деректемелерінің өзектілігі бөлігінде) дербес жауапты болады.
47. Инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету мақсатында жобаға мазмұны инсайдерлік ақпаратпен байланысты болатын уәкілетті органның немесе банктің басшы қызметкерінің шешімімен кейіннен жобаға қатысушылар пайдаланатын белгілі бір код атауы берілуі мүмкін.
48. Инсайдерлік ақпараттың рұқсатсыз ашылу қатері немесе фактісі не инсайдерлік ақпаратты қамтитын құжаттардың (ақпарат тасығыштардың) жоғалуы анықталған кезде Банктің инсайдер – қызметкері өзінің тікелей басшысын дереу хабардар етуге міндетті, ол өз кезегінде бұл туралы Банктің Комплаенс департаменті мен Бас Комплаенс-бақылаушысын дереу хабардар етеді.
49. Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын Банк қызметкерлері инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алмайтын тұлғалардың қатысуымен инсайдерлік ақпаратқа қатысты талқылаулар жүргізбеуге тиіс.
50. Инсайдерлік ақпарат пайдаланылуы мүмкін талдаушылармен, инвесторлармен кездесулерге қатысуға, сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдарына ресми сұхбат беруге Банктің Басқарма Төрағасы және/немесе Банк Басқармасының мүшелері не Банк Басқармасы Төрағасының тиісті бұйрығымен осындай әрекеттерге арнайы уәкілеттік берілген тұлғалар ғана қатыса алады.

10 Тарау. Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі мен мерзімдері

51. Егер банктің мүліктік және қаржылық жағдайы үшін зардаптарға байланысты бұл ақпарат Банк шығарған (ұсынған) бағалы қағаздардың (туынды қаржы құралдарының) құнына ықпал ете алатын болса, Банктің қызметіне қатысты жалпыға қолжетімді болып табылмайтын ақпарат инсайдерлік ақпаратқа ол ресми ашылған (жарияланған) сәтке дейін жатады.

Банктің қызметі туралы жалпыға қолжетімді ақпарат деп оған қол жеткізу үшін шектеулер талап етілмейтін және жоқ немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ашылуға жататын ақпарат түсініледі.

52. ҚЕД интернет-ресурсында «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 102-бабының 2-тармағына сәйкес Банспен ашылуы жататын ақпарат пен құжаттардың тізбесіне кірмейтін инсайдерлік ақпарат не оған қатысты Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде оны ашу тәртібі мен мерзімдері белгіленбеген ақпаратқа жатпайтын және осы Қағидада белгіленген мерзімдер мен тәртіпте ашылады.

53. Банктің инсайдерлік ақпаратына қатысты ақпаратты ашу оны Банктің www.altyni.kz интернет ресурсында орналастыру арқылы және Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Қағидаларда, Банктің өзге де ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жағдайларда және тәртіппен мемлекеттік және орыс тілдерінде барлық мүдделі тұлғалар үшін ашық қолжетімділікте ҚЕД интернет-ресурсында жүзеге асырылады.

54. Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының тізіміне Банктің бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) енгізілген кезде Банк және Банктің инсайдерлері деп танитын тұлғалар Банк туралы инсайдерлік ақпараттың және олардың ашылуы, олардың құнының өзгеруіне және Банктің қызметіне әсер ететін өзі шығарған (ұсынған) бағалы қағаздардың (туынды қаржы құралдарының) ашылуын, қор биржасының қағидаларында белгіленген тәртіппен және шарттарда осы бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) сауда-саттық басталғанға дейін қамтамасыз етеді.

55. Осы Қағидалардың 8-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген Банктің бағалы қағаздарын ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын қызметіндегі өзгерістер туралы инсайдерлік ақпарат осындай өзгерістер туындаған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған ҚЕД интернет-ресурсында орналастырылады және Банктің www.altyni.kz интернет-ресурсында жарияланады.

56. Осы Қағидалардың 8-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген Банктің корпоративтік оқиғалары туралы инсайдерлік ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде ҚЕД интернет-ресурсында орналастырылады.

57. Жария ету мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) сауда-саттықты ұйымдастырушының қағидаларында айқындалмаған өзге де инсайдерлік ақпаратты, егер мұндай ақпаратты заңсыз тарату немесе тарату Банктің бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) құнының өзгеруіне әсер етсе немесе оның қызметіне әсер етсе, Банк оны қысқа мерзімде ашуға тиіс.

58. Тізбе бойынша осы Қағидаларда белгіленген бірнеше көздер арқылы инсайдерлік ақпаратты орналастыру (жариялау) арқылы ашу кезінде инсайдерлік ақпаратты алғаш орналастырған (жариялаған) күн инсайдерлік ақпаратты ашу күні болып есептеледі.

59. Банктің интернет-ресурсында жарияланған Банктің инсайдерлік ақпараты жарияланған күннен бастап бір жыл ішінде шектеусіз тұлғалар тобы үшін қолжетімді болуы тиіс.

60. Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының сауда жүйесінде Банктің бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) айналысқа түскен кезде тұлғалардың кең ауқымы арасында инсайдерлік ақпаратты ашуды көздейтін хабарламалар Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының атына жіберіледі, содан кейін Банктің www.altyni.kz интернет-ресурсында орналастырылады.

Банктің бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының және шет мемлекеттердің аумағында жұмыс істейтін қор биржаларының сауда жүйелерінде бір мезгілде айналысқа түскен кезде тұлғалардың кең ауқымы арасында инсайдерлік ақпаратты ашуды көздейтін хабарламалар тізімдеріне Банктің бағалы қағаздары енгізілген барлық қор биржаларының атына бір мезгілде жіберіледі, осыдан кейін олар Банктің www.altyni.kz интернет-ресурсында орналастырылады

11 Тарау. Банктің инсайдерлік ақпаратын ашуды кейінге қалдыру

61. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін жағдайларда Банктің өзінің заңды құқықтарын қорғау мақсатында Банк өзінің жауапкершілігімен инсайдерлік ақпаратты ашуды кейінге қалдыруы мүмкін:
- 1) мұндай кейінге қалдыру жұртшылықты / инвесторларды Банктің қаржылық жағдайына қатысты жаңылыстырмайды;
 - 2) ақпарат құпия негізде беріледі;
 - 3) Банк осы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге қабілетті.
62. Осы Қағидалардың 61-тармағының мақсаттары үшін заңды құқықтарды қорғау деп мұндай ақпаратты жария түрде ашу осындай келіссөздердің нәтижесіне немесе жүргізілу барысына теріс әсер етуі мүмкін болған кезде келіссөздер (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, банктің тұрақты қаржылық жағдайын сақтауға бағытталған келіссөздер) жүргізуге байланысты Банктің инсайдерлік ақпаратын ашуды кейінге қалдыру, сондай-ақ Банк Басқармасы Банктің Директорлар кеңесі тарапынан мақұлдауға жататын шешім қабылдаған жағдайда, мұндай шешімді алдағы мақұлдауы туралы хабардар ете отырып, оны жария түрде ашу инвесторлардың мұндай ақпаратты дұрыс бағаламау тәуекеліне әкеп соқтырған жағдайда, инсайдерлік ақпаратты ашуды кейінге қалдыру түсініледі.
63. Егер инсайдерлік ақпаратты ашуды кейінге қалдыру Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмесе, Банк қандай да бір күтпеген елеулі оқиғаға тап болған жағдайларда мән-жайларды анықтау үшін инсайдерлік ақпаратты ашуды сәл кейінге қалдыруға жол беріледі.
64. Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес белгілі бір инсайдерлік ақпаратты ашуға жауапты тиісті бөлімше, егер инсайдерлік ақпаратты рұқсатсыз ашу фактілер анықталғанға және жағдайды бағалауға дейін, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратты ашу осы ақпарат құпия негізде сеніп тапсырылған не мұндай ақпаратты ашу қаупі бар тұлғалар тарапынан болған жағдайларда мүмкін болады деп пайымдауға негіз болса, алдын ала ақпараттық хабарды жариялауды қамтамасыз етеді.
65. Жауапты бөлімшелердің басшылары Комплаенс департаментіне осындай жағдайлардың туындағаны туралы тиісті қызметтік жазбаны жіберу арқылы хабарлайды.
66. Бұқаралық ақпарат құралдарында инсайдерлік ақпаратты құрайтын және едәуір дәрежеде анық болып табылатын ақпаратқа негізделген жарияланымдар мен мәліметтер пайда болған кезде Банк осы Қағидаларда көзделген тәртіппен мұндай ақпаратты ашуды кейінге қалдыру қажеттігін бағалайды.
67. Инсайдерлік ақпаратты ашуды кейінге қалдыру немесе кейінге қалдыру туралы шешімді Банктің Басқарма Төрағасы (оны алмастыратын тұлға) қабылдайды.

12 Тарау. Инсайдерлік ақпаратты теріс пайдаланғаны үшін жауапкершілік

68. Осы Қағидалардың 8-тарауында көрсетілген шектеулер сақталмаған, инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланған және таратқан жағдайда, мұндай бұзушылықтарға жол берген тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген азаматтық-құқықтық, әкімшілік және өзге де жауаптылыққа тартылады.
69. Банктің қызметкерлері болып табылатын инсайдерлер де Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

13 Тарау. Қорытынды ережелер

70. Осы Қағидалар оларды Банктің Директорлар Кеңесі бекіткен күннен бастап күшіне енеді және белгіленген тәртіппен олардың күші жойылды деп танылған күннен бастап өз қолданысын тоқтатады.
71. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының заңнамасының өзгеруіне және/немесе толықтырылуына қарай өзгертілуге және / немесе толықтырылуға жатады.

«Altyn Bank» АҚ-да (China Citic Bank Corporation Ltd ЕБ)
инсайдерлік ақпаратты басқаруды және оны
пайдалануды ішкі бақылау Қағидаларының
«Инсайдерлер тізіміне»
1 Қосымша

Заңды тұлғалар үшін

_____ «AltynBank» АҚ (ChinaCiticBankCorporationLtd ЕБ) инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар заңды тұлғалардың тізімі.							
№	Заңды тұлғаның атауы		Орналасқан жері	Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін (қайта тіркелгенін) растайтын құжаттың деректемесі	Тізімге енгізудің негізі	Инсайдерлер тізіміне енгізу үшін негіздің пайда болу күні	Тізімнен шығару күні

Жеке тұлғалар үшін

_____ «AltynBank» АҚ (ChinaCiticBankCorporationLtd ЕБ) инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар жеке тұлғалардың тізімі							
№	Тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымы	Туған күні	Заңды тұлғаның атауы, оның орналасқан жері, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін (қайта тіркелгенін) растайтын құжаттың деректемесі	Тізімге енгізудің негізі	Инсайдерлер тізіміне енгізу үшін негіздің пайда болу күні	Тізімнен шығару күні

«Altyn Bank» АҚ-да (China Citic Bank Corporation Ltd ЕБ)
инсайдерлік ақпаратқа иелік ету мен пайдалануды
ішкі бақылау Қағидаларына
2 Қосымша

Құпия

Тұлғаны «Altyn Bank» АҚ (China Citic Bank Corporation Ltd ЕБ)
инсайдерлер тізіміне енгізу туралы хабарлама

Хабарлама жіберілген күн:

20__ж. «__» _____

Сіз өзіңіздің қызметтік жағдайыңызға және еңбек міндеттеріңізге байланысты «AltynBank» АҚ (ChinaCiticBankCorporationLtd ЕБ) (бұдан әрі — Банк) инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алдыңыз және Қазақстан Республикасы заңнамасының және «AltynBank» АҚ (ChinaCiticBankCorporationLtd ЕБ) инсайдерлік ақпаратты басқару мен пайдалануды ішкі бақылау Қағидаларының талаптарына сәйкес Банктің инсайдерлер тізіміне енгізілдіңіз

Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді тоқтатқан кезде Сіз Банктің инсайдерлер тізімінен шығарыласыз, ол туралы жазбаша хабардар боласыз.

Инсайдерлік ақпарат – Банктің бағалы қағаздары немесе туынды қаржы құралдары, олармен жасалатын мәмілелер туралы, сондай-ақ, олардың эмитенті ретінде Банк туралы расталған ақпарат, коммерциялық құпияны құрайтын ол жүзеге асыратын қызмет туралы ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға белгісіз, ашылуы сонымен қатар, Банк қызметіне және Банктің бағалы қағаздары және/немесе туынды қаржы құралдары құнының өзгеруіне әсер етуі мүмкін өзге де ақпарат;

Банк инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізген тұлғаларды осындай ақпаратқа ие болудың құқықтық салдарымен, оның ішінде инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаны немесе таратқаны үшін санкциялармен таныстыру жөнінде қажетті шаралар қолдануға міндетті.

Инсайдерлік ақпаратты пайдалануға шектеулер

Банктің инсайдері бола отырып, сіз құқылы емессіз:

1) бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасау кезінде инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беру немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етуге;

3) үшінші тұлғаларға инсайдерлік ақпаратқа негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсыныстар беруге.

Құпиялылықты сақтау туралы міндеттеме

Сізде бар немесе болашақта болатын инсайдерлік ақпарат қатаң құпия болып табылады және үшінші тұлғаларға жария етілмейді. Сіз уәкілетті емес тұлғалардың инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуін шектеу бойынша барлық қолжетімді тиімді шараларды қабылдауыңыз тиіс.

Инсайдерлік ақпаратты теріс пайдаланғаны үшін жауапкершілік

Жоғарыда көрсетілген шектеулер сақталмаған, инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланған және таратқан жағдайда Сіз Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген азаматтық-құқықтық, әкімшілік және өзге де жауапкершілікке, сондай-ақ Сізге қатысты, Егер сіз Банктің қызметкері болсаңыз, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жазаларды қолдануға болады.

Осы хатқа қол қою арқылы Сіз инсайдерлерге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жоғарыда көрсетілген шектеулердің қабылданғанын, сондай-ақ,

инсайдерлік ақпаратты жария етпеу туралы жоғарыда көрсетілген міндеттемелердің қабылданғанын және инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаны және таратқаны үшін санкциялармен танысқаныңызды растайсыз.

Қол қойылған осы хабарламаға қол қоюды және осы хабарламаны алған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей Банкке қайтаруды сұраймыз. Мен Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңына сәйкес осы хабарламаға қол қою арқылы «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» (бұдан әрі – Заң), Банкке өзімнің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес уәкілетті органдар мен ұйымдарға, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ға және банк акционеріне және оның еншілес ұйымдарына менің дербес деректерімді ұсынуға, сондай-ақ менің дербес деректерімді трансшекаралық беруге, оның ішінде Заңның 16-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес келісімімді беремін.

.....
(Т.А.Ә., қолы, туған күні)

.....
(Күні)

«Altyn Bank» АҚ-да (China Citic Bank Corporation Ltd ЕБ)
инсайдерлік ақпаратқа иелік ету мен пайдалануды
ішкі бақылау Қағидаларына
3 Қосымша

Тұлғаны «AltynBank» АҚ (ChinaCiticBankCorporationLtd ЕБ)
инсайдерлер тізімінен шығару туралы хабарлама

Хабарлама жіберілген күн:

20 ____ гж. « _____ » _____

Сіз өзіңіздің қызметтік жағдайыңызға және еңбек міндеттеріңізге байланысты «AltynBank» АҚ (ChinaCiticBankCorporationLtd ЕБ) (бұдан әрі — Банк) инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алдыңыз және Қазақстан Республикасы заңнамасының және «AltynBank» АҚ (ChinaCiticBankCorporationLtd ЕБ) инсайдерлік ақпаратты басқару мен пайдалануды ішкі бақылау Қағидаларының талаптарына сәйкес Банктің инсайдерлер тізіміне енгізілдіңіз.

Еңбек шартының тоқтатылуына байланысты (_____ № _____ бұйрық) Сіз Банктің инсайдерлер тізімінен шығарылдыңыз.

Құпиялылықты сақтау туралы міндеттеме

Сізде болған инсайдерлік ақпарат қатаң құпия болып табылады және жария етілмейді.

Инсайдерлік ақпаратты теріс пайдаланғаны үшін жауапкершілік

Құпиялылық, инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану және тарату туралы талаптар сақталмаған жағдайда Сіз Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген азаматтық-құқықтық, әкімшілік және өзге де жауапкершілікке тартыла аласыз.

Осы хатқа қол қою арқылы сіз инсайдерлерге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жоғарыда көрсетілген шектеулердің қабылданғанын, сондай-ақ, инсайдерлік ақпаратты жария етпеу туралы жоғарыда көрсетілген міндеттемелердің қабылданғанын және инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаны таратқаны үшін санкциялармен танысқаныңызды растайсыз.

Қол қойылған осы хабарламаны алған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей Банкке қол қойып және қайтаруды сұраймыз.

.....

(Т.А.Ә., қолы)

..... (күні)